

БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ. 1-ТОМ

АНТИКА ФИЛОСОФИЯСЫ

Этика





Мақсаты – Демокрит, Сократ, Платон ілімдеріндегі моральдық философия мәселелерін қарастыру.

Жоспары:

1. Моральшыл Демокрит.
2. Сократ ізгілік туралы.
3. Платон әділдік және рақат туралы.

Түйін сөздер

Мораль, ізгілік, кемелдік, бақыт, рақат, әділеттілік, даналық.

Ежелгі Грекия философтары көтерген мәселелердің көпшілігі моральдық тақырыпқа қатысты. Мысалы, «Қалай істеу керек деп ойласаң, солай істе» деген сөздің ертедегі нұсқасын Фалес айтқан. «Керемет жақсы өмір сүруіміз үшін қайтпек керек?» деген сұраққа ол «Басқаларды не үшін жазғырсаң, өзің де соны жасамауың керексің» – деп жауап қайтарыпты. Бұдан да екіұшты мағынада былай делінеді: сатқындық жасаған кісіден күнәдан тазамын деп ант бере аласыз ба? деп сұрағанда, ол «Жалған куәлік ету ойнас қылудан қорқынышты емес» деп жауап беріпті. Осыған ұқсас сәуегейлік сөздерді Гераклиттен де табуға болады. Одан «Адамның қалағанының бәрін жасауы дұрыс емес», «Адамның мінезі – оның тағдыры» деген нақыл сөздер қалған. Басқа философтар нақты моральдық мәселелерде нақты позиция ұстанған. Мысалы, Эмпедокл ет жеуді және жануарларды құрбандыққа шалуды айыптады. Бірақ, Демокритке дейін ол секілді моральдық жүйесі бар философ болмаған.

Моральшыл Демокрит

Демокрит этика тақырыптарында асқан шешен болған: Дильс-Кранцта жазылғандай, оның үзінділерінің алпыс беті моральдық кеңестерге арналған. Олардың көбі қарапайым. Мысалы: өзіңнің билігің жетпейтін міндеттерді алма, байлар мен атақтыларды қызғанба, өзіңізден кедей адамдар туралы ойлаңыздар да өз жағдайыңызға шүкір етіңіз. Барлығын білуге ұмтылмаңыз, өйткені ештеңе де біле алмай қаласыз. Өзіңнің кесіріңнен қиындыққа тап болсаң, тағдырды кінәлаудың қажеті жоқ. Мәселен жүзуді үйренсең, суға батпайсың. Күйеу балаң жақсы болса, ұлыңдай болады, жаман болса, қызыңнан айырыласың.

Демокриттің берген кеңестері кейде қайшылықты болып келеді. Мысалы: Балалардың болмағаны жақсы. Өйткені оларды өсіріп, тәрбиелеу өте қиын. Ал олардың жаман жолға түсуін көру – қасіреттің ең зоры. Егер сізге бала қажет болса, оны өзіңіз дүниеге әкелгеннен гөрі досыңыздан асырап алған дұрыс. Сіз осылайша өзіңіз қалаған баланы ала аласыз. Ал табиғи жолмен тапқан баланы өсіруге міндетті боласыз.

Платоннан бері қарай тән жанды аздырады деп, тәннен жиренген моральшыл философтар аз болмаған. Ал Демокрит бұған қарама-қарсы пікірді ұстанды. Егер тән өмірінің соңында өзінің тартқан азабы мен ауруы үшін жанды кінәласа, әділетті сот тәннің жағында болушы еді. Егер тәннің кейбір мүшелері немқұрайды қарағаннан немесе азғындықтың кесірінен зардап шексе, онда бұл – жанның кінәсі. Мүмкін, сіз тәнді жанның пайдалануына арналған құралдан басқа ештеңе де емес деп ойлайтын шығарсыз. Жақсы, солай-ақ болсын, алайда егер құралдың халі нашар болса, онда құрал емес, оның иесі кінәлі.

Демокриттің моральдық көзқарастары бізге көптеген нақыл сөздер ретінде жеткен, оның өзінің жүйелі этикасын дамытқаны туралы мәліметтер де бар. Егер бұл рас болса, онда оның атомистік іліміне қандай қатысы болғаны бұлыңғырлау. Ол өмірдің мақсаты және бақыттың табиғаты (eudaimonia) туралы трактат жазды. Ол бақыт – байлықта емес, жан игілігінде, адам баласы жалған, опа бермейтін дүниелермен рақаттанбауы керек дейді. Оның ойынша, оқығанның үміті наданның байлығынан артық. Шын мәнісінде, Демокриттің идеалы тыныштық күйінен рақат табатын сергек өмір еді. Сол себепті ол кейінірек күлімсіреп жүретін философ ретінде танылды. Ол ұстамдылықты дәріптеді. Бірақ өзі аскет болған жоқ. «Үнемшілдік пен ауыз бекіту жақсы. Бірақ тойлау да соншалықты жаман емес. Ең қиыны – олардың әрқайсысына қолайлы уақыт табу» дейді ол.



Демокрит өзінен кейінгі грек философтары үшін маңызды мәселелерді анықтағандай болды. Бақытқа ұмтылуды моральдық философияның өзекті мәселесі деп қарастырды. Ал оның соңынан антика заманының бүкіл моральшылары ерді. Ол «күнәнің себебі – ненің жақсы екенін білмегендіктен» деп айтқанда, ол Сократтың моральдық идеясын тұжырымдаған. Сондай-ақ жамандық жасағаннан зардап шеккен жақсы деді, оны Сократ жамандықты қабылдағанша ағаттық азап шегу дұрыс, олар жұмысыңды оларды туындатушы тұлғасына қарамай, тек салдарына қарай бағалауды қолдайтын ықпалды мораль жүйелермен келіспейтін – жамандық деген принципті жетілдірді. Оның өзге де оғаш пікірлері, байыппен қарасақ, этикалық жүйелердің астан-кестеңін шығаруы мүмкін. Мысалы, жақсы адам жаман іс жасаудан жай тартынып қана қалмайды, ол жамандықты мүлде жасағысы келмейді деген пікірге ол – қайырымдылық іште қайнаған ашу-ызаны жеңгенде, өзінің ең жоғары деңгейіне көтеріледі деген ойды қарсы қояды. Алайда Демокрит антикалық этиканың ішіндегі ең маңызды тұжырымдаманы зерттемеген: бұл – «arete» немесе ізгілік. Ағылшын тіліндегі ешбір сөзге дәл сәйкес келмейтін бұл грек сөзі ғылыми жазбалар дәстүрі бойынша жиі «мүлтіксіздік» (excellence) деген атаумен ауыстырылған. Arete – абстрактілі зат есім, оның мағынасы жалпы «жақсы» дегенді білдіретін agathos сын есіміне сәйкес келеді. Кенни «arete» сөзінің дәстүрлі аудармасын қолданады және осы ұғымның мазмұнын ашатын идеалды термин емес деп айтады. Бұл – жай ғана идиомаларды пайдалану емес: өнегелікті зерттеу негізінде көне гректер мен бүгінгі батыс адамдары арасындағы концептуалды айырмашылық ашылады және екеуінің арасындағы бұл айырмашылық антикалық мораль философиясын зерттеуге үлкен мән береді.

Сократ ізгілік туралы

Сократ – ізгілік табиғатын жүйелі зерттегендердің алғашқысы болды. Ол мұны моральдық философия мен жалпы философияның ортасына орналастырды. «Критонда» оның өлімді қабылдауы әділдік пен діншілдік жолындағы азап шегушілік ретінде көрсетілген. Сократ диалогтерінде ізгілік жан-жақты талданады. «Евтифронда» діншілдік (hosiotes), «Хармидте» сабырлылық (sophrosyne), «Лахесте» беріктік (andreia) және «Мемлекеттің» бірінші кітабында әділдік («Фрасимахта» жеке диалог ретінде бөлек шықса керек). Осы диалогтердің әрқайсысы белгілі бір үлгімен жазылған. Сократ ізгіліктің мәнін іздейді. Ал диалогтегі басқа кейіпкерлер жауап ретінде анықтамаларды ұсынады. Екі жақтан (elenchus) қойылған сұрақтар әр кейіпкерді өз анықтамаларының қате екенін мойындауға мәжбүр етеді. Алайда Сократ қарсыластарынан асырып қанағаттанарлық анықтама бере алмайды, сол себепті әр диалог нәтижесіз аяқталады.

Платон диалогтеріндегі Сократтың өз білімсіздігін мойындауы Сократта моральдық ізгілік туралы ой-пікір жоқ дегенді білдірмейді. Ол білімді анықтау жолында өте үлкен кедергілер барын меңзейді. Осы диалогтерде Сократ пен оның сұхбаттастары ізгілік мәселесінде ерекше әрекеттер мысал бола ала ма, әлде ізгіліктің нақты бір формуласы болу керек па деген сұрақ қояды. Бұған қоса, Сократ осы талқылау кезінде жеке ізгілік (кімге болса да жамандық жасау ешқашан әділ болмайды) және жалпы ізгілік (әрдайым иесіне пайдалы болу керек деген ой) туралы бірнеше тақырыпты қорғайды. Мысалы, «Евтифронда» біз, діншілдік бұл – құдайлардың көңілін табу дейміз, бұл дұрыс, бірақ нақты емес, – деп жазады А.Ф. Лосев өзінің «Платон диалогтарына түсіндірмелер» еңбегінде. Діншілдік әділеттілікке деген ұмтылыс деген де – дұрыс, бірақ, тағы да біржақты. Ал, діншілдік бұл дұға оқу мен құрбандық шалу дегеніміз де – дұрыс, бірақ, тағы да, нақты емес. Жалпы діншілдік түсінігінің дұрыс, бірақ, бір жақты болып табылатын барлық жағдайлары тек осы анықтаманы беретін адам – белгісіз жалпы идеяға, белгілі бір алғашқы кейіп түрі ретінде қарайды және осындай алғашқы кейіптің жеке бөліктерін құрастырады. Демек, «Лахеттегідей» «Евтифронда» да жекелікті құрастыратын принцип ретінде шектелген жалпылыққа ерекше назар аударумен қатар, осы шектелген жалпылықтың өзі де олардың жалпы идеясы деп түсіндіріледі, онда осы жекеліктер де құрастырылған, яғни өзі сонымен бірігіп, бүтін құрылымды ұйымдастырады. Дегенмен осы құрылымның интуитивті шындығы да ерекше айтып өтіледі, өйткені, «идея» термині (осы жерде Платон оны алғаш рет қолданады) интуитивті көзқарас үрдісімен этимологиялық тұрғыда байланысқан және осындағы жекеліктер осы бастапқы алғашқы кейіпті аңдау нәтижесінен туындайды.



Ерлікті анықтау үшін, мысалы, бұл – адам жанының табандылығы екенін, және саналы табандылығы екенін, және ол өнегелі әрі саналы табандылық екенін есепке алу қажет және осы табандылықтың мақсаты – болашақта осы табандылық арқылы жететін мүмкіндік. Мұның бәрі – олар ерліктің мәніне ешқандай қатынасы жоқ деп айта алмайтын сәттер. Олардың барлығы қажет, олар расында шынайы түсінікке ие болуға көмектеседі, бірақ, олар бір жақты. Осы барлық жеке түсіндірмелерден анықталатын ол, ең алдымен, уақыттың нақты сәттерінде қолданудан жоғары тұр, дегенмен, онда ол уақыттан тыс бүтіндік ретінде қарастырылады және осы жерде ең алдымен, бүтіндік мәселесі көзделетіні туралы диалогта бірнеше рет айтылады. Алайда өткенді, қазіргі және болашақ уақытты қамтитын осындай түрдегі бүтіндік диалогте көріпкелділік пен бал ашуға қарсы қойылады, демек, нақты-зейіндік, яғни логикалық сипатқа ие.

Ізгілік табиғатын зерттеу барысында ізгілікті ағаш шебері, навигация немесе медицина секілді техникалық машықпен, біліктілікпен немесе арифметика және геометрия секілді ғылымдармен салыстыру Сократтың әдеттегі ісі болатын. Ежелгі және қазіргі оқырмандар бұл теңеулерді таңсық көріп, таңғалысып жатады. Әрине, білім мен ізгілік – екі түрлі нәрсе. Біреуі – білімнің, екіншісі – қалаудың нәтижесі. Осыған жауап ретінде мынадай екі нәрсе туралы айтуға болады. Біріншіден, егер біз білім мен қалау арасын нақты айыра алуға қабілетті болсақ, мұның себебі біз әуелден Сократ пен Платон бастаған философиялық рефлексия ұрпағының мұрагерлері болғандықтан. Екіншіден, ізгілік пен білім түрлерінің арасында, шын мәнінде, елеулі ұқсастықтар бар. Мұның екеуі де адамның басқа қасиеттеріне қарағанда туа біткен емес, адамның өз бойына кейіннен қалыптастырған қасиеттері. Екеуі де – жоғары бағаланатын адами қасиеттер. Біз адамға оның машығы мен ізгілігі үшін сүйсінеміз. Сократ айтқандай, екеуі де өз иелеріне пайдалы. Машығымыз бен ізгілігіміз артқан сайын, өзіміз де жақсара түсеміз.

Сократ бәріміз игі іс жасап, бақытты болуға тырысамыз, осы себеппен адамдар денсаулық, байлық, билік және абырой секілді нәрселерді қалайды дейді. Осы айтылған нәрселерді қалай пайдалану керектігін білген жағдайда ғана жақсы өмір сүреміз. Мұны білмесек, бұлар бізге пайданың орнына зиян тигізуі мүмкін. «Бұларды қалай қолдану керектігін білу даналық (phronesis) болып есептеледі және бұл – шынында да, жақсы нәрсе». Даналық – бүкіл ізгілікпен бірдей, артықшылығы бар, ненің жақсы және ненің жаман екенін ажырататын ғылым.

Ізгіліктің ұстазының болмауының себебі, ізгілік ғылым болып табылмайды дегенде емес, бұл ғылымды игеру өте қиын екеніндігінде жатыр. Жеке ізгіліктер – осы ғылымның бөлшегі, бірақ, оны да тек бірегей бүтіндік арқылы иемденуге болады. Ешкім, тіпті Сократтың өзі де бұл ғылымға ие емес.

Платон әділдік және рақат туралы

Сократ шынымен-ақ «Ізгілік деген не деген сұрақтың жауабы» – гедонизм деп шешті ме? деген мәселеде ғалымдар ортақ келісімге келе алмады. Сократ солай ойласа да, ойламаса да, Платон олай нақты ойлаған жоқ. Алдыңғы дәрістерде Платонның «Мемлекет» диалогін әртүрлі қырларынан қарастырдық. Оның негізгі мазмұны әділеттіліктің табиғаты мен құндылығына қатысты. Дегенмен осы түсінікті қарастыру барысында, зерттеу кеңейтіледі де – Платон түсінгендей – барлық басты философиялық сұрақтар қамтылады, – дейді бізге А.Ф. Лосев. Сонымен қатар, әділеттілік тұжырымдамасын түсіндіруге қажетті сұрақтар, этика және саясат саласымен шектелмейді. Бұл сұрақтар барлық заттар болмысының шынайы мәнді себептері («идеялар») туралы, олардың ішіндегі ең жоғарғысы – «ізгілік» идеясы туралы, адам табиғаты туралы (жан, жанның танымдық қасиеттері, жан мен тәннің қарым-қатынасы, жанның тәнге енуі және адам өлгеннен кейінгі тағдыры), адамдар арасындағы қоғамдық қатынастар туралы, мемлекеттің пайда болуы және ондағы азаматтардың деңгейлері туралы, ақыры, үлгілі мемлекет қандай болуы керек және қалай басқарылуы керек, оның азаматтары үшін ең тиімді әрі қолайлы тәрбиелеу мен білім беру жүйесі қандай болу керек, басшылар рұқсат еткен өнер түрі қандай болу керек және т.б. сұрақтар. «Мемлекетте» қарастырылған философиялық және ғылыми мәселелердің көп салалылығы, аталмыш диалог – Платонның өміріндегі және шығармашылығындағы кемелденген кезеңде жазылған еңбегі деп айтуға болады, дегенмен,



Платонның кейінгі шығармасы «Тимейде» сипатталған космологияны және «Парменид» пен «Софистте» сипатталған диалектиканы есепке алмасақ, әрине.

«Мемлекет» («Мемлекеттік құрылым жөнінде») мазмұнымен салыстырсақ, аса тар қойылған атау деуге болады. Әйтсе де, бұл түсінікті де. Біріншіден, Платон кезеңінде грек философиясында жүйенің соңғы түсінігін сипаттайтын, әрі соған сай түсініктер мен терминдер болған жоқ және диалог композициясы жүйе формасына сай келмейді: еңбекте сұрақтан сұраққа көшу, қатаң логикалық және жүйелік құрылыммен және сипаттаумен ғана емес, сөйлесу барысында ойдың еркін қозғалысына да байланысты болады. Екіншіден, және бұл да өте маңызды – диалогты дәл осылай атау – тек Платонға ғана тән болмаған, бұл – ежелгі грек ойы мен дүниетанымының аса мәнді ерекшелігімен анықталады. Ол, қоғамның еркін мүшесі, соған жататын мемлекеттік бүтіндіктен бөлінбейді және осы байланысқа тәуелділігіне қарай, әрі соның үлгісімен философияның барлық негізгі мәселелері шешілуі тиіс.

Кенни осы диалогтың кейбір бөліміне біздің назарымызды аудартады. Платонның бауырлары Глаукон және Адимант екі мәселені қарастырады. Глауконның ойынша, әділдік – жамандықтан жай ғана аулақ болу емес, оның өзі асыл қасиетке ие, абыройлы болуы керек. Адиманттың ойынша, әділдікке телінген барлық қосымшаларды алып тастаса, ол – әділетсіздікке қарағанда анағұрлым қалаулы нәрсе. Мысалы, «көру – соқырлықтан жақсы» немесе «деннің саулығы – аурудан жақсы» деген секілді болмақ. Екеуі де осы мәселенің негізделіп, олардың дәлелденуін қалады.

Диалогте Сократ жан мен қала арасындағы аналогияны ұсыну арқылы өз жауабын көрсетеді. Оның ойындағы қалада ізгілік мемлекеттің әртүрлі таптары арасында бөлінген. Қаланың даналығы – оның билеушілерінің даналығы. Қаланың батылдығы – әскерлерінің батылдығы. Ал тұрақтылығы – қала тұрғындарының, яғни қолөнершілердің билеушілерге бағынуы. Әділдік дегеніміз – үш тап арасындағы үйлесімділік. Ол әр азамат, әрбір таптың қолынан не келеді сонымен айналысудан тұрады. Жанның үш бөлшегі мемлекеттің үш табына сәйкес келеді және жандағы ізгілік мемлекеттегі ізгілік секілді тең бөлінген. Ал әділдік – психикалық элементтердің үйлесімі. «Егер жанымыздың түрлі бөліктері тиісті функцияларын атқарса, онда әрқайсысымыз өзімізге тиісті қызметімізді адал атқаратын әділ адам болар едік». Егер әділетсіздік жан элементтерінің иерархиялық үйлесімі болса, төменгі элементтер осы иерархияға қарсы көтерілген жағдайда, әділетсіздік пен зұлымдықтың барлық түрі сыртына шығады. Жандағы әділдік пен әділетсіздік – тәндегі денсаулық пен дерт секілді. Осыған орай, әділ өмір сүру дұрыс па, әлде теріс жолға түскен дұрыс па деп сұрау – абсурд. Егер тән дертке шалдықса, әлемнің бар байлығы мен билігі өмірді мазмұнды ете алмайды. Егер өмірдің негізі саналатын жанның тыныштығы бұзылса, мазмұнды өмір туралы айтуға бола ма? Егер әділдік дегеніміз – дененің психикалық саулығы болса, онда адамдардың бәрі әділ болғысы келуі қажет. Себебі әрқайсысы сау болғысы келеді. Бұл Сократтың ешкім жамандықты әдейі жасамайды, зұлымдық тек надандықтан шығады деген тезисіне сәйкес келеді. Алайда «Мемлекеттің» 4-кітабының соңында көрсетілген тұжырым – жай ұсыныс қана, ол Платонның ұлы инновациясы – Идеялар теориясына сілтеме жасамайды. Идеялардың рөлі диалогтің ортаңғы кітаптарында көрсетілгеннен кейін, бізге әділдік пен бақыт арасындағы байланысқа деген өзгерген көзқарас беріледі. Әділ адам – әділетсіз адамнан гөрі бақытты, оның жаны өзімен үйлесімде болғандықтан ғана емес, тәбетінің қалауын маймен азықтандырғаннан гөрі, жанын түсінікпен толтыруға ұмтылуымен бақытты. Ендігі жерде ақыл адамға қамқор болатын қабілет емес, ол – ақиқаттың өзгермейтін, мәңгілік әлемі іспеттес.

Платон «Филеб» диалогінде бақыт және рақат тақырыбына қайтып оралады. Диалогте Протарх атты кейіпкер «рақат – ең жақсы нәрсе» деп мәлімдейді. Сократ оған қарсы даналық рақаттан гөрі биік және бақытқа жақын тұрады дейді. Диалог рақаттың түрлерін кең көлемде талқылауға мүмкіндік береді. Талқылау соңында Сократ Протархтан ұпай жағынан басым түседі. Өйткені игіліктерді бағалағанда, рақаттың ең жақсысы даналықтан төмен тұрады. Алайда диалогтің ең қызық бөлігі «рақат та, даналық та бақытты өмірдің негізі бола алмайды, рақаты да, даналығы да араласқан өмір ғана шынайы толыққанды болар еді» деген аргументте жатыр. Ақырғы нәтиже – игілік – рақат пен даналықтың үйлесімділігінде.

Сонымен, біз Энтони Кенни еңбегінің сегізінші тарауында талқылаған антика философиясындағы, оның ішінде Демокрит, Сократ және Платон, ілімдеріндегі этикалық мәселелерді қарастырып шықтық. Келесі дәрісіміз осы тақырыптың жалғасы болмақ.



Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Қалай ойлайсыздар, не себепті антикалық философияда Демокритке дейін мораль жайында жүйеленген ілім болмады?
2. Демокриттің мораль философиясының негізіндегі дүние?
3. Не себептен Сократ ізгіліктерді адамдардың әртүрлі техникалық машықтарымен салыстырады?
4. Сократ бойынша білім мен ізгілік арасындағы айырмашылық пен ұқсастық неде?
5. Ізгіліктің ұстазы жоқ деудің себебі неде жатыр?
6. Сократ келтірген жан мен қала арасындағы аналогияның мәнісі неде?
7. Платонның идеялар теориясындағы әділеттілік пен бақыт қандай ара қатынаста болады?
8. Платон бойынша даналық пен рақаттанудың ара қатынасы қандай?

Әдебиет

1. Anthony Kenny, *Ancient Philosophy: A New History of Western Philosophy, Volume 1.* – Oxford University Press. – 2014. – 368 p.
2. Кенни Э., Батыс философиясының жаңа тарихы, 1 том, Антика философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 408 б.
3. Әлемдік философиялық мұра: жиырма томдық. 2-том: Антикалық философия / құраст.: Қ.Ә. Әбішев, Т.Ы. Әбжанов. – Алматы: Жазушы, 2005. – 567 б.
4. Хесс Р., Философияның таңдаулы 25 кітабы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 360 б.
5. Диоген Лаэртский, О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов. / Пер. и прим. М. Л. Гаспарова. Общ. ред. и вступ. ст. А. Лосева. (Серия «Философское наследие»). – М., Мысль, 1979. – 624 с.
7. Чанышев А. Н., Курс лекций по древней философии. – М., 1981.
8. Платон, Диалоги. – М.: Академический проект. – 2017.